

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		20 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»

Пән коды: SQEN 4305

ББ атауы және шифры: 6B10105 «Қоғамдық денсаулық сақтау»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат / 4 кредит

Оқу курсы мен семестрі: 4 курс, 7 семестр

Дәріс көлемі: 10 сағат

Шымкент, 2024ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		20 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 15 « 10 » 06 2024 ж.

Кафедра менгерушісі:

м.ғ.к., қауым.проф.



Сарсенбаева Г.Ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 3 беті

№1 дәріс

1. Тақырыбы: Кіріспе. Денсаулық сақтаудағы аккредиттеу. Негізгі қағидалары, міндеттері, қатысушылар.

2. Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы аккредиттеумен және негізгі қағидаларымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-299/2020 бұйрығы.

Денсаулық сақтаудағы аккредитациялау – сапаны жоғарылатуға бағытталған екі бағдарлама, және де екі бағдарламаны құрушы негізгі құрамы - сыртқы баға және бекітілген стандарттар. Бірақта, аккредитациялау – бұл лицензиялау үрдісі, ал оның мақсаты – салыстырмалы аз көлемде көрсетілетін медициналық қызметтің тиімділігін жоғарлату. Аккредитация - әуелде жоғары стандартты меңзей отырып, ерікті түрде өткізіледі, ал лицензиялау барысы – медициналық қызмет көрсетушіге ең төменгі талаптарды қоя отырып, міндетті түрде жүргізіледі. Аккредитацияның негізгі міндеті - халыққа көрсетілетін медициналық көмек сапасының көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған медициналық мекемелерді ынталандыру. Медицина саласындағы аккредитациялаудың тиімді жүйесін құру нәтижесі, медициналық қызметкерлерге және денсаулық сақтау жүйесіне халықтың сенімділігін жоғарлату, медициналық қызметтің тиімділігін жоғарлату есебінен денсаулық сақтау саласындағы шығын көлемін төмендету болып есептелінеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдардан, яғни әртүрлі сала өкілдерінен тұратын тәуелсіз сарапшылар шешім қабылдайтын, *тәуелсіз сараптама* жүйесі құрылуда. Тәуелсіз сарапшылар кең көлемде медициналық қызмет сапасының сараптамасына, денсаулық сақтау мекемелерін аккредитациялауға, медициналық мамандарды аттестациядан өткізуге және басқа да мемлекеттік бақылауға рұхсат ету жұмыстарын орындауға жұмылдырылады.

Емдеу үрдісінің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету және науқастардың құқықтарын қорғау мақсатында денсаулық сақтаудың барлық деңгейлерінде құрамына науқас және оның өкілдерінің бірі, клиницистер, мекеме жетекшілері, сақтандыру ұйымдарының қызметкерлері, кәсіптік біріккен одақ өкілдері кіретін *қоғамдық комиссия* құру жоспарлануда.

1) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

2) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы –білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі немесе денсаулық сақтау ұйымы, оның базасында ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша медициналық білімнің білім беру бағдарламалары іске асырылады;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) интеграцияланған академиялық медициналық орталық – білім беруді, зерттеулер мен клиникалық практиканы интеграциялау арқылы медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін ресурстарды бірлесіп пайдалану мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу

ONȚÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 4 беті

орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымын денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен біріктіру;

5) клиникалық база – бірлесіп қызмет ету туралы шарт бойынша денсаулық сақтау саласында кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін білім беру ұйымы пайдаланатын денсаулық сақтау ұйымы;

6) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

7) медициналық қызметтер (көмек) сапасының тәуелсіз сараптамасы –көрсетілетін медициналық қызметтердің (көмектің) тиімділік, толымдық және стандарттарға сәйкес көрсеткіштерін көрсететін индикаторларды пайдалану арқылы, денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметтер (көмек) сапасының деңгейі туралы қорытындыны шығару мақсатында ішкі және сыртқы сараптар шеңберінде тәуелсіз сарапшылар жүргізетін рәсім;

8) резидентура базасы – базасында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен резидентура бағдарламалары іске асырылатын медициналық ұйым ретінде аккредиттелген денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;

9) университеттік аурухана – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының көпбейінді емдеу-профилактикалық құрылымдық бөлімшесі немесе көпбейінді емдеу-профилактикалық ұйым, оның базасында ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша медициналық білімнің білім беру бағдарламалары іске асырылады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеуді жүзеге асыратын орган (ұйым) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттелген субъектілердің деректер банкін қалыптастырады.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет:1- қосымшаға қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Денсаулық сақтаудағы аккредиттеудің мақсаты, қағидалары қандай?
2. Денсаулық сақтаудағы аккредиттеудің міндеттерін атаңыз және пәнге анықтама беріңіз?
3. Аккредиттеу жүйесінің қатысушылары кім болып табылады?

№2 дәріс

1. Тақырыбы : Денсаулық сақтау саласындағы аккредитациялаудың ережелері.

2. Мақсаты: денсаулық сақтаудағы аккредиттеу стандарттарымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: *Стандарттар — бұл стандарттау туралы жұмыстарымен айналысатын органдарымен бекітілген және міндетті стандарттау объектілерінің талаптары, ережелері, белгіленген нормалары көрсетілген нормативтік-техникалық құжаттар.*

Денсаулық сақтаудағы стандарттау – бұл денсаулық сақтау саласында талаптарды бекітіп және оны іске асыруда қолайлы деңгейге жетуге бағытталған, денсаулық сақтауда қолданылатын қызмет, жұмыс, технология, өнім, жағдай сипаты, ережелер және нормалар. Стандарттаудың мақсаты - халықты медициналық көмектің қолжетімділігімен қамтамасыз ету және сапасын

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 5 беті

басқаруда денсаулық сақтаудағы нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды қалыпты нормативті қадағалау жүйесін құру.

Медициналық стандарттаудың келесі түрлерін ажыратады:

1. Әкімшілік–аймақтық бөлімі бойынша: халық аралық, ұлттық/мемлекеттік, аймақтық және жергілікті/бірлескен.

2. Стандарттау объектілері бойынша: құрылымдық-ұйымдастырушылық, кәсіпкерлік, технологиялық (медициналық-экономикалық).

3. Қолданылу механизмі бойынша: жай және топтық.

Денсаулық сақтаудағы стандарттау деп медициналық тауарлар өндіру мен қызметтерді көрсетуде талаптарды, нормаларды, ережелерді, сипатталарды, шарттарды, технологияларды дайындау және бекіту жолымен денсаулық сақтау жүйесіндегі реттеудің тиімді дәрежесіне жетуге бағытталған іс-әрекет. Дамыған нарықтық қатынастар жағдайларында стандарттау тиімділігі оның негізгі функцияларымен қамтамасыз етіледі: экономикалық, әлеуметтік және коммуникативтік.

Экономикалық функция келесі аспектілерді қамтиды:

- өндірушілер мен тұтынушыларға тауар мен қызметті дұрыс таңдауға, бағалауға, инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға қаржы жұмсауға мүмкіндік беретін өнім және оның сапасы туралы ақпарат беру;

- өнімді объективті түрде салыстыруға мүмкіндік беретін оның негізгі параметрлерін сынау және бірыңғайлау әдістерін стандарттау негізінде бәсекелестікке ықпал ету;

- жекелеген тауар немесе көрсетілетін қызмет түрлерінің қатар қолданылуын қамтамасыз ету;

- технологиялық үрдістерді басқаруды тиімді ету және өнім сапасының белгіленген деңгейін қамтамасыз ету.

Стандарттаудың әлеуметтік функциясы қоғамдық денсаулық, санитария және гигиена талаптарына сәйкес келетін, тауар өндірудегі, өнім айналымындағы, адамдардың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін тауарлар мен қызметтер параметрлері деңгейі мен көрсеткіштерін анықтауды алдын ала ескереді.

Стандарттаудың басым бағыттары. Әлемдік тәжірибеде стандарттау бойынша жалпылама басым бағыттар болып табылады:

- Қауіпсіздігі және экология;
- Ақпараттық технологиялар;
- Қорларды сақтау;

Медициналық стандарттардың түрлері:

Медициналық стандарттардың келесі түрлерін бөліп қарастырады:

Әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша:

1. Халықаралық – халықаралық деңгейде бекітілген және осы стандарт әрекет ететін елдер аумағында орындау міндетті.

2. Ұлттық-федералдық деңгейде бекітілген және бүкіл ел аумағында орындау үшін міндетті.

3. Аумақтық-ұлттық стандарттарды нақтылау негізінде мемлекет субъектілері дайындаған стандарттар. Ұлттық стандарттар болмаған жағдайда мемлекет өз бетінше дайындай алады.

Стандарттау нысандары бойынша:

1. Құрылымдық-ұйымдық стандарттар-медициналық көмек көрсету шарттарына міндетті талаптарды бекітетін стандарттар;

2. Кәсіби стандарттар-медицина қызметкерлерінің кәсіби сапасына міндетті талаптарды бекітетін стандарттар;

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 6 беті

3. Технологиялық стандарттар-жынысын, жасын, басқа да факторларды ескере отырып, аурулардың нақты нозологиялық формасын бақылау бойынша қажетті емдеу-диагностикалық манипуляциялар тізімін бекітетін стандарттар.

Қолданылу механизмі бойынша:

1.Қарапайым-сәйкестігін анықтау мына жүйе бойынша жүзеге асырылады: «сәйкес келеді-сәйкес келмейді».

2.Топтық-сәйкестігін анықтау мына жүйе бойынша жүзеге асырылады: жоғары категория стандартына сәйкес келеді, бірінші категория стандартына сәйкес келеді, жалпы категория стандартына сәйкес келеді, стандарттардың ешқайсысына сәйкес келмейді.

Медициналық көмек сапасының келесі сипаттамаларын бөліп қарастыруға болады:

- кәсіби күзіреттілігі;
- қолжетімділігі;
- нәтижелілігі;
- тұлғааралық қатынастар;
- тиімділігі;
- үздіксіздігі;
- қауіпсіздігі;

Медициналық көмек сапасын бақылау жүйесі 3 элементтен тұрады:

Бақылауға қатысушылар (бақылауды кім жүргізуі қажет);

Бақылау жабдықтары (бақылау ненің көмегімен жүргізіледі);

Бақылау механизмдері (бақылау қалай жүзеге асырылады);

Бақылауға қатысушыларға мыналар жатқызылады: медициналық мекемелер, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, денсаулық сақтауды басқару ұйымдары, МӘМС қорлары, медициналық білім беру мекемелері, сақтандырушылар және басқалары.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет:1- қосымшаға қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Медициналық стандарттардың қандай түрлерін білесіз?
2. Қолданылу механизміне қарай стандарттар қалай бөлінеді?
3. Денсаулық сақтаудағы стандарттардың қағидалары қандай?

№3 дәріс

1.Тақырыбы: Медициналық ұйымдарды аккредиттеу

2. Мақсаты: медицина ұйымдарындағы аккредиттеуді жүргізу ережелерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Қазақстан Республикасындағы Аккредиттеудің ұлттық жүйесі қазіргі уақытта тұрақты даму үстінде. Стандарттары мен дәрежелеріне байланысты, аккредитациялау санаты үшке бөлінеді. Аккредитациядан өткен барлық медициналық ұйымдар 3 жыл мерзімге аккредитация куәлігін алады.

ДСДРО Аккредитация орталығы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, аккредитациядан өткен медициналық ұйымдарды қаржыландыру кезінде, олардың қандай санатта аккредитацияланғанына байланысты сараланған тәсілдеме қолдануды ұсынады.

Ынталандырудың қаржылық механизмдері Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында көрсетілген. Мысалы, кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі аясында шартқа отыру кезінде аккредитацияланған денсаулық сақтау ұйымдарына айрықша құқық

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 7 беті

беріледі. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінде осылай бекітілген.

Медициналық ұйымдарды аккредитациядан өтуге ынталандыру тетіктерін енгізу медициналық ұйымдардың аккредитация стандарттарын қолдауға деген қызығушылықтарын арттырудағы маңызды қадам болмақ. Нәтижесінде ұсынылатын медициналық қызмет сапасына оң әсер етеді. Аккредиттеуші орган құжаттарды алған сәтінен бастап екі жұмыс күнінің ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімдерде жазбаша уәждемемен өтінішті одан әрі қараудан бас тартылады.

Құжаттарды қарау мерзімі денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеуден өткізуге өтініш тіркелген сәттен бастап аккредиттеуші орган тиісті шешім шығарғанға дейін 30 күнтізбелік күннен аспайды.

Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеу конкурстық іріктеу (тестілеу және әңгімелесу) арқылы олардың біліктілігін кешенді бағалау негізінде жүргізіледі.

Кешенді бағалаудың қорытындылары бойынша аккредиттеуші орган аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Кешенді бағалауды жүргізу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

Аккредиттеуден өткен субъектіге аккредиттеуші орган бекітетін нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік 5 жыл мерзімге беріледі.

Мынадай жағдайларда аккредиттеу туралы куәлік беруден:

- 1) ұсынылған құжаттарда бұрмаланған немесе жалған ақпарат болғанда;
- 2) кешенді бағалаудың (тестілеу және әңгімелесу) қанағаттанғысыз нәтижелері болғанда;
- 3) азаматтардың және заңды тұлғалардың жеке тұлғаның қызметіне мемлекеттік органдарға комиссиялық тексеру актілерімен расталған негізгі шағымдары болғанда;
- 4) жеке тұлғаға қатысты мәлімделген түрі бойынша қызметпен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімі болғанда бас тартылады.

4. Иллюстрациялық материал: СЛАЙДТАР.

5. Әдебиет: 1 -ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Аккредиттеу дегеніміз не?
2. Аккредиттеу жүргізілуінің қандай ережелерін білесіз?
3. Медициналық ұйымдардағы аккредиттеу қай жылдардан бастап жүргізілуде?
4. Аккредиттеуден өткен субъектілерге аккредиттеу туралы куәлік неше жылға беріледі?
5. Қандай жағдайда аккредиттеу туралы куәлік берілмейді?

№4 дәріс

1.Тақырыбы: Шет елдерде денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу жүйесі.

2. Мақсаты: шет елдегі денсаулық сақтау саласындағы аккредитация жүйесімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Аккредитация денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарымен көрсетілетін қызметтер, сапасын тексеру мен стандартизациялаудың әр түрлі әдістері қатарында орын алатын процесс. «Аккредитация» термині белгілі бір медицина мекемесінің ресми бекітілген стандарттар негізінде денсаулық сақтау жүйесі орындары мен ұйымдық құрылымдарын тәуелсіз бағалау процесіне қатысуын білдіреді; Аккредитацияның мақсаты – жұмыс сапасымен байланысты

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 8 беті

болатын қызметтер мен процестердің ұйымдастырылуын бағалау. 1980 жылға дейін аккредитация термині денсаулық сақтау жүйесіне қатысты қолданылғанда жүйенің барлық мекемелеріне, әсіресе ауруханаларға, өздерінің ұйымдық процестері мен процедураларының қабылданған стандарттармен салыстыруға мүмкіндік беретін ерікті іс-әрекетін білдіреді. Аккредитацияның міндеті клиникалық тиімділікті арттыру үшін сай келетін ортамен қамтамасыз ету болып табылады. Аккредиттеуші ұйымдар дәстүрлі түрде өзін-өзі қорғау қағидасымен әрекет етеді, ал аккредиттеуге рұқсат алған ұйымдар оларға сыйақы төлейді. Аккредиттеу процесінің соңғы нәтижесі белгілі бір мекеменің қабылданған стандарттарға сәйкестігі туралы куәліктің берілуі болып табылады. Куәлікте тексеруге дейінгі мерзімнің ұзақтығы көрсетіледі. Бұл кезең ұзақ болса, стандарттарға сәйкестік дәрежесі жоғары болады. Аккредиттеу жүйесі денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істейтін кәсіби мамандардан тұратын тәуелсіз комиссиямен бақыланады. Комиссия стандарттардың орындалуы үшін және квалификациялық куәліктер берілгені үшін жауапкершілік алады. Аккредитация - бұл бекітілген нормативтерге қатысты ұйымның жұмыс істеу деңгейін бағалау үшін қолданылатын ұйымды сараптамалық бағалау және көрсетілетін қызметтер сапасын үздіксіз жетілдіру жолдарын анықтау. Осылайша, аккредитация көрсетілетін қызметтер сапасы мен пациент қауіпсіздігінің негізгі шарты болып табылады. Мемлекеттік тіркелген, лицензия мен қоса барлық рұқсатнамасы болса да, тиісті аккредитациядан өтпеген медициналық ұйымдар сапасы жағынан күдік тудыруы мүмкін. Аккредитация тәжірибесі медициналық қызметкерлердің бастамасы бойынша АҚШ-та пайда болды. Медициналық қызметтерді стандартизациялаудың қажеттілігі аккредитациялаудың пайда болуына себеп болды. 1913 жылы Америка хирургтерінің міндеті ауруханаларды стандарттау идеясын қолдау болып табылды. Ауруханаларды стандарттау бағдарламасы 1917 жылы құрылды. 1949 жылы АҚШ ауруханаларының жартысынан астамы бағдарламаға ерікті түрде қатысты. Денсаулық сақтау мекемелерінің халықаралық аккредитацияға қызығушылығының артуы тұрғындардың медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына қойылатын жоғары талаптарына, сондай-ақ медициналық технологиялар мен медициналық көрсетілетін қызметтерге сұраныстың жоғарылауына негізделген. Дамыған елдерде азаматтар медициналық көрсетілетін қызметтер сапасы мен аурухана жұмыстарының стандарттарына уақыт өткен сайын жоғары талаптар қояды. Бұл үрдіс әсіресе, Еуропалық Одақ елдерімен қатар, әлеуметтік жағдайы жоғары елдерде де байқалады. XX ғ. басында Еуропа мен Американың бірқатар елдерінде медициналық ұйымдарды аккредиттеу қолданыла бастады. Мысалы, АҚШ-та пациенттердің клиникаларда болу жағдайлары мен санитарлық жай-күйіне бақылау жасау үшін арнайы стандарттар енгізілді. Әлемнің басқа аймақтарында да аккредитацияның схемалары дайындалды. Бұл үрдістің мақсаты тек қана сапаны бақылау ғана емес, сонымен қатар сапаны жоғарылату жолдарын іздестіру болып табылады. Қазіргі кезде бұл мәселе әлемнің барлық елдері үшін де маңызды болып тұр. Ұлыбритания, АҚШ, Австралия және Канада елдерінде емдеу мекемелерін аккредиттеумен арнайы, мемлекеттік емес, бірақ ұлттық заңдылықтарға сәйкес мемлекет уәкілеттілік берген ұйымдар айналысады. Бұл ұйымдар медицина мекемелерін аккредиттеуден толық өткізе алады.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар.

5. Әдебиет: 1- ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. «Аккредитация» термині қай жылы бірінші рет қолданылды?
2. Шет елдегі аккредитация жүргізілуінің Қазақстандағы аккредитация жүргізілуінен ерекшелігі қандай?

№5 дәріс

1.Тақырыбы: ҚР денсаулық сақтау саласында аттестаттау тәртібі мен кәсіби құзіреттілігі.

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 9 беті

2. Мақсаты: денсаулық сақтау саласындағы аттестаттау тәртібімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Тестілеуді уәкілетті орган өткізеді. Тестілеу компьютерде жүргізіледі (100 сұрақ). Тестілеу кезінде аттестатталатын адам сөйлесуге және тест өткізілетін үй-жайдан шығып кете алмайды. Қанағаттанарлықсыз күйдегі аттестатталатын адамдар тестілеу кезінде тест басталғанға дейін уәкілетті органның маманына ол туралы хабарлайды. Тест тапсырмаларын орындауға бөлінген жалпы уақыт - 90 минут. Тесті орындауға бөлінген уақыт өткеннен кейін бағдарлама автоматты түрде жабылады. Компьютерлік тестілеудің дұрыс жауаптарын санау автоматты түрде компьютерге салынған бағдарламаның көмегімен жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басып шығарылады, оның бірі аттестатталатын адамға беріледі. Сұрақтардың жалпы санынан кемінде 70% дұрыс жауап алған жағдайда аттестатталатын адам үшін тестілеу нәтижесі теріс деп саналады. Тестілеуден өту кезінде теріс нәтиже алған аттестатталатын адам аттестаттаудың екінші кезеңіне (әңгімелесуге) жіберілмейді және қайта тестілеу бастапқы тестілеу өткен күннен бастап алты айдан кейін өткізіледі. Тестілеу нәтижесі бойынша қайта тестілеуден өтетін адамдар үшін шешім, аттестаттауды өткізетін уәкілетті органның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі. Қайта тестілеуден өтпеген аттестатталатын адамдар аттестатталмаған болып танылады.

Уәкілетті органның аттестаттау комиссиясының құрамына уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің, денсаулық сақтау ұйымдарының, медициналық ғылым және білім беру, денсаулық сақтаудың үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері кіреді. Жергілікті мемлекеттік органдардың аттестаттау комиссиясының құрамына жергілікті мемлекеттік органдардың, уәкілетті органның, денсаулық сақтау ұйымдарының, медициналық ғылым және білім беру, денсаулық сақтаудың үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері кіреді.

Аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталатын адаммен әңгімелесу жүргізіп, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) қайта әңгімелесуге жатады;
- 3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

Аттестаттау комиссиясы, қайта аттестаттаудың қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

Қайта аттестаттау кезінде теріс нәтиже алу аттестатталатын адаммен еңбек қатынастарын тоқтату үшін негіздеме болып табылады.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет: 1 -ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Тестілеуді кім және қалай жүргізеді?
2. Тестілеу нәтижесі қандай жағдайда теріс деп есептеледі?
3. Аттестаттау комиссиясы шешімдерінің түрлері қандай?

№6 дәріс

1.Тақырыбы: Қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының біліктілік сипаттамалары

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 10 беті

2. Мақсаты: қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының лауазымдық міндеттері мен біліктілігіне қойылатын талаптармен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер, валеолог)

Лауазымдық міндеттері. Халық денсаулығының демографиялық көрсеткіштерін есептейді және бағалайды. Халыққа көрсетілген медициналық көмектің көлемін, түрлерін және нысандарын талдайды. Медициналық көмектің бірнеше түрлерін дамытуды жоспарлайды. Халық арасында инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың пайда болуы мен таралуының себептері мен қауіп факторларын бағалайды. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды, аурудың ағымдық және ретроспективтік эпидемиологиялық талдауын әзірлейді. Статистикалық есептердің бірнеше түрлерін жасау жөніндегі жұмыстарды орындайды. Статистикалық мәліметтер негізінде ақпараттық-талдау анықтамасын жасайды. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің соңғы нәтижелерін бағалайды. Көрнекі үгіттеуді және салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттауды жүргізеді. Сауықтыру шараларын әзірлейді және жүргізеді. Статистикалық талдау мен әлеуметтік зерттеу әдістерін жүргізеді. Медициналық құжаттамаларды рәсімдеуді қамтамасыз етеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, принциптерін және әдістерін, денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйелерін, халық денсаулығы туралы статистиканы денсаулық сақтаудағы өлшемдер мен көрсеткіштерді, нарықтағы медициналық қызмет конъюнктурасын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (кәсіптік) білімнің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша қайта даярлаудың (біліктілікті арттыру) болуы.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет: 1 -ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары қай заңда көрсетілген?

2. Қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының лауазымдық қызметтерін атаңыз.

3. Қоғамдық денсаулық сақтау мамандары білуі тиіс заңды құжаттарды атаңыз.

4. Қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының біліктілігіне қойылатын талаптарды атаңыз.

№7 дәріс

1. Тақырыбы: Денсаулық сақтаудағы лицензиялау. Медициналық қызметке лицензия алу тәртібі.

2. Мақсаты: денсаулық сақтаудағы лицензирлеу түсінігімен және мақсатымен таныстыру.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		20 беттің 11 беті

3. Дәріс тезистері: Медициналық іс-әрекеттерді лицензиялау – бұл денсаулық сақтау аймағындағы сапаны басқару жүйесінің базалық компоненті және дәрігерлік, медициналық іс-әрекеттермен шұғылдану үшін физикалық және заңды тұлғаларға рұқсат беретін мемлекеттік органның қызметі. Сонымен қатар, лицензиялау – бұл аз мөлшердегі талаптармен медициналық іс-әрекеттерді орындауда денсаулық сақтау субъектілерінің сәйкестігін анықтау үрдісі. Комитеттің аймақтық бөлімшелері медициналық көмектің жекеленген түрлеріне лицензиялауды жүзеге асырады: акушерлік, гинекологиялық, неонатологиялық, фтизиатриялық, наркологиялық сараптама, иммунологиялық, венерологиялық, бала емдеу, халық медицинасы. Жергілікті атқарушы органдар (денсаулық сақтаудың облыстық департаменті), жеке медициналық тәжірибемен, ұйымдастырумен, іс-әрекеті сол облыстың әкімшілік-аймақтық бірлігінің шегіне сәйкес келетін және акушерлік, гинекологиялық, неонатологиялық, фтизиатриялық, наркологиялық сараптамалық, иммунологиялық, венерологиялық, педиатриялық, наркологиялық қызмет түрлерін қоспағандағы медициналық іс-әрекеттердің қалған түрлерін лицензиялайды.

Денсаулық сақтаудағы аккредитациялау және лицензиялау – сапаны жоғарлатуға бағытталған екі бағдарлама, және де екі бағдарламаны құрушы негізгі құрамы - сыртқы баға және бекітілген стандарттар. Бірақта, аккредитациялау – бұл лицензиялау үрдісі, ал оның мақсаты – салыстырмалы аз көлемде көрсетілетін медициналық қызметтің тиімділігін жоғарылату. Аккредитация - әуелде жоғары стандартты меңзей отырып, ерікті түрде өткізіледі, ал лицензиялау барысы – медициналық қызмет көрсетушіге ең төменгі талаптарды қоя отырып, міндетті түрде жүргізіледі. Аккредитацияның негізгі міндеті - халыққа көрсетілетін медициналық көмек сапасының көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған медициналық мекемелерді ынталандыру. Медицина саласындағы аккредитациялаудың тиімді жүйесін құру нәтижесі, медициналық қызметкерлерге және денсаулық сақтау жүйесіне халықтың сенімділігін жоғарлату, медициналық қызметтің тиімділігін жоғарлату есебінен денсаулық сақтау саласындағы шығын көлемін төмендету болып есептелінеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдардан, яғни әртүрлі сала өкілдерінен тұратын тәуелсіз сарапшылар шешім қабылдайтын, *тәуелсіз сараптама* жүйесі құрылуда. Тәуелсіз сарапшылар кең көлемде медициналық қызмет сапасының сараптамасына, денсаулық сақтау мекемелерін аккредитациялауға, медициналық мамандарды аттестациядан өткізуге және басқа да мемлекеттік бақылауға рұқсат ету жұмыстарын орындауға жұмылдырылады.

Емдеу үрдісінің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету және науқастардың құқықтарын қорғау мақсатында денсаулық сақтаудың барлық деңгейлерінде құрамына науқас және оның өкілдерінің бірі, клиницистер, мекеме жетекшілері, сақтандыру ұйымдарының қызметкерлері, кәсіптік біріккен одақ өкілдері кіретін *қоғамдық комиссия* құру жоспарлануда.

Көптеген жағдайларда жаңа бастап жүрген кәсіпкерлер мен болашақ бейінді мамандар өз кәсіпорнын ашу үшін қалаған қызметті жүзеге асыруға рұқсат немесе лицензия алуы қажет.

Лицензия – бұл қызметтің белгілі бір түрімен айналуға рұқсат етілгенін және онымен айналыса алатыныңызды куәландыратын құжат. Медицина лицензиялау қажет сала болып табылады.

Лицензиясыз жұмыс істеу заңға қайшы, және де жалған мамандардан қызмет алуға мүлдем ұсынылмайды.

Лицензияланатын қызмет түрлерінің толық тізбесі заңда жазылған.

Лицензия алу үшін не қажет

Лицензия алу процедурасы медицина саласында заңды түрде жұмыс істеу мүмкіндігі жолындағы соңғы кезең болып табылады. Бұған дейін адам дайындықтан өтуі керек – мамандық

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 12 беті

бойынша білім алу, диплом алу, біліктілікті арттыру бойынша сертификатталған курстардан өту, бұны лицензия беру кезінде уәкілетті орган (лицензиар) міндетті түрде не талап ететін болады.

"Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 94 қаулысына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып табылады.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бұйрығына сәйкес медициналық қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілді. Оларкелесінің бар болуынталапетеді:

1. меншікнемесежалғаалунемесемемлекеттікмүліктісенімгерлікбасқаруқұқығындағыұй-жайларнемесеғимараттар;
2. медициналыққызметтіңмәлімделгенкішітүрлерінесәйкесмедициналықжәне (немесе) арнайыжабдықтар, аппаратуралар мен инструментарий, аспаптар, жиһаз, мүкәммал, көлікжәнебасқа да құралдар (қажетболғанжағдайда);
3. медициналыққызметтіңмәлімделгенкішітүрлерінесәйкестіістібілімі;
4. мәлімделгенмедициналыққызметтіңкішітүрлерібойыншасоңғы 5 жылдамамандандырунемесежетілдіружәнебіліктіліктіарттырудыңбасқа да түрлері;
5. санитариялық-эпидемиологиялықбейіндегімамандардықоспағанда, маманныңтиісті сертификаты;
6. заңдытұлғаларүшін–біліктілікталаптарына 1 қосымшаға сәйкесмедициналыққызметкерлертуралымәліметтерменрасталатын медицина қызметкерлерінің штаты;
7. жекетұлғаларүшін- өтінішберілгенмедициналыққызметтіңкішітүрлерібойыншамамандығыбойыншакемінде 5 жылжұмысөтілі.

Лицензияны қалай алуға болады

Бүгінгікүнібарлықлицензиялар мен рұқсаттарды Elicense.kz порталы арқылы онлайн режиміндеалуғаболады. Бұлмемлекеттікқызметтердіэлектрондықформатқакошіру, лицензиялаурәсімдеріноңайлатужәнемемлекеттікоргандардың АЖ электрондықлицензиялаужүйесіменинтеграциялауарқылыталапетілетінқұжаттарсанынқысқартуар қылымүмкінболды.

Elicense.kz порталыменжұмыстыбастауүшін ЭЦҚ алужәнетіркелуқажет. Егербұлрәсімгеалғашрет тап болсаңыз, онда"Көмек" бөліміндегітолықнұсқауларкөмектеседі. Солжерде PDF форматында лицензия алуғаөтініш беру бойыншатолықсуретті қадамдықнұсқаулықты табааласыз.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар.

5. Әдебиет: 1- ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Лицензиялау дегеніміз не?
2. Лицензиялау қандай мақсатта жүргізіледі?
3. Медициналық қызметте лицензия алудың қандай кезеңдерін білесіз?

№8 дәріс

1.Тақырыбы: Медициналық қызмет сапасын бақылау бөлімі жұмысының ерекшелігі.

2. Мақсаты: медициналық қызмет сапасын сараптау түрлері мен жүргізу тәртібімен таныстыру.

ONȚÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 13 беті

3. Дәріс тезистері: Медициналық қызметтің сапасын сараптаудың негізгі қағидаттары:

- 1) жүйелілік: құрылым, процесс пен нәтиже индикаторлары өзара байланыста болуы үшін медициналық қызметтің сапасын сараптау жүзеге асырылады;
- 2) объективтілік: денсаулық сақтау саласындағы бекітілген стандарттарды пайдалана отырып, медициналық қызметтің сапасын сараптау жүзеге асырылады;
- 3) жариялылық: денсаулық сақтау өкілдерінің қатысуымен медициналық қызметтің сапасын сараптау жүзеге асырылады.

Медициналық қызметтің сапасын сараптау түрлері:

- 1) ағымдағы сараптама - медициналық қызметтің сапасын сараптау сәтінде медициналық қызмет алып жатқан емделушілердің медициналық карталары;
- 2) ретроспективті сараптама - медициналық қызметтің сапасын сараптау сәтінде медициналық қызмет алған емделушілердің медициналық карталары.

Медициналық қызметтің сапасын сараптау кезеңдері:

- 1) медициналық карталарды талдау;
- 2) денсаулық сақтау субъектісінің және олардың қызметін регламенттейтін денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарының құжаттамаларын зерделеу;
- 3) индикаторларды пайдалана отырып, сараптама нәтижелерін математикалық үлгілеу арқылы медициналық қызмет сапасының деңгейін айқындау;
- 4) медициналық қызметтің сапасын сараптау нәтижелерін талдау және қорытындылау, шешімдерді қалыптастыру;
- 5) өткізілген медициналық қызметтің сапасын сараптау қорытындысын қалыптастыру;
- 6) денсаулық сақтау субъектісін медициналық қызметтің сапасын сараптау нәтижелері туралы хабардар ету;
- 7) азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің және медициналық қызметтің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін айқындау.

Медициналық қызметтің сапасын сараптауды жүргізу тәртібі

Сапаны сараптауды өткізу кезінде тексерілген жұмыс кезеңіндегі (ай, тоқсан, жарты жыл, жыл) статистикалық есептердің деректері пайдаланылады.

Тексерілетін көрсеткіштердің орындалуын бағалау осы медициналық ұйым бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен, сондай-ақ орташа республикалық және орташа облыстық көрсеткіштерімен салыстыра отырып, жүзеге асырылады.

Медициналық қызмет көрсету сапасының деңгейін анықтау нақты жағдайда медициналық ұйымның қызметін және медициналық көмектің сапасын бағалау индикаторларын пайдалана отырып, жүзеге асырылады.

Құрылым индикаторлары медициналық ұйымдарды ресурстық қамтамасыз етудің уәкілетті орган бекіткен нормативтері мен талаптарына сәйкес келуімен сипатталады.

Процесс индикаторларын анықтау уәкілетті орган бекіткен стандарттарымен нақты бір емделушіге көрсетілген медициналық қызметтің технологияларын салыстыруды көздейді.

Нәтиже индикаторлары медициналық ұйым қызметінің тиімділік көрсеткіштерін талдауды көздейді.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет: 1 -ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Медициналық қызметтің сапасын сараптаудың негізгі қағидаттарын атаңыз.
2. Медициналық қызметтің сапасын сараптау түрлерін атаңыз.
3. Медициналық қызметтің сапасын сараптау кезеңдері қандай?
4. Медициналық қызмет сапасын сараптау қалай жүргізіледі?

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 14 беті

№9 дәріс

1. Тақырыбы: Денсаулық сақтаудағы кадр ресурстарын дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері.

2. Мақсаты: денсаулық сақтаудағы кадрлық саясатты үйрету.

3. Дәріс тезистері: Денсаулық сақтау ұйымдарының кадр қызметі (HR-қызмет) - денсаулық сақтау жүйесінде персоналға (қызметкерлерге) қатысты негізгі сұрақтармен айналысатын мамандандырылған қызмет атауы болып табылады. (сурет 3.) Басқару- бұл мамандар құзыретілігі саласында бірінші кезекте персоналды кәсіби тұрғыда іріктеу, корпоративтік сұрақтарды, атап айтқанда қызметкерлердің кәсіби жоғарылауы мен денсаулық сақтау кәсіпорындарында кадрлық саясатты дамыту болып саналады. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, кадрлық саясат келесі қағидаттарға негізделуі тиіс: 1. Жүйелілік (кадрлармен жұмыс істеудің бірқатар қағидаттарынан, нысандарынан, әдістерінен және технологияларынан тұрады); 2. Заңдылық және ашықтық; 3. Кәсіпқойлық және құзырлылық; 4. Үнемі кәсіби даму;

Бұрындары, кадр қызметінің жұмысы тек ұйымның қағаздарын толтыру (бұйрықтар, қызметтік жазбахаттар және т.с.с) және қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан босату болатын еді. Бүгінде, денсаулық сақтау ұйымдарының басқару менеджерлерінің мәртебесі айтарлықтай жоғары, олар кеңінен қойылған міндеттерді, функцияларды орындайды. Жағдайды нақты түсіну үшін өткен кезеңдердегі және бүгінгі күнгі кадр қызметіне толығымен талдауды қарастырайық. Жаңа буынның басқару қызметі ұйымның басқару саясатымен, адами ресурстарды басқаруда қызметті үйлестірумен айналысуы тиіс екені туралы қорытынды шығаруға болады. Басқару менеджерлері функцияларының шеңбері бірте-бірте кеңеюде және таза кадр сұрақтарынан еңбек нарығын зерделеу, ұрыс - керістердің алдын алу, персоналдың кәсіби жоғарылауын басқару және т.б. сияқты айтарлықтай ауқымды міндеттерге көшуде.

Қызметкерлердің иерархиясын дұрыс құру - жұмыстың уақытылы болуын және ұжымдағы тәртіпті қамтамасыз етеді. Медициналық ұйымдағы штат барынша жылдам және ұйымдасқан жұмысты қамтамасыз ететіндей құрылуы тиіс, яғни әрбір қызметкер өз функцияларын орындауы тиіс, ол үшін әрбір қызметкердің міндеттері жазылып, содан соң олар бөлінуі тиіс. Денсаулық сақтау жүйесінде, басқа саладағыдай, басты «жұмыс буыны» менеджерлер болып табылады. Аталмыш топтың үш моделі бар: 1) кәсіпорындағы еңбек жағдайы және қолайлы моральдік психологиялық атмосфераны ұйымдастыратын өз қызметкерлерінің қамқоршысы ретінде персонал менеджері. 2) ұжымдық шарттарды қоса алғанда еңбек шарттары (келісімшарт) бойынша маман ретінде персонал менеджері. Көпшілік біліктілігі төмен еңбекті пайдаланатын көптеген ұйымдарда оның екі жақты рөлі бар: жалдамалы қызметкерлердің еңбек шартының талаптарын сақтауына әкімшілік бақылау жасау, лауазымдық ауыстыруларды есепке алу; кәсіби одақтармен келіссөздер жүргізу үдерісінде еңбек қатынастарын реттеу. 3) корпорацияның ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу және оны іске асыруда жетекші рөлді ойнайтын ұйымның кадрлық әлеуетінің сәулетшісі ретінде персонал менеджері. Оның миссиясы - корпорацияның кадрлық әлеуеті құраушысының ұйымдастырушылық және кәсіби шоғырлануын қамтамасыз ету. Ол жоғары басшылық құрамына кіреді және оның адами 44 ресурстарды басқару сияқты басқару білімінің жаңа саласында дайындығы болады.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет: 1 -ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Кадрлық саясаттың негізгі даму кезеңдері қандай?
2. Кадрлық саясатты жүзеге асыру қалай жүзеге асырылады?

№10 дәріс

1. Тақырыбы: Міндетті және ерікті медициналық сақтандыру саласындағы бақылау.

ONȚÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 15 беті

2. Мақсаты: МӘМС кезінде көрсетілетін медицина сапасын бақылауды үйрету.

3. Дәріс тезистері: *Медициналық сақтандыру* - бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынастар. Ол әлеуметтік бағдарланған экономикасы бар елдердің сақтық қорғауы тұтас жүйесінің міндетті атрибуттарының бірі болып табылады.

Медициналық сақтандырудың екі түрі бар: *міндетті* және *ерікті*.

төленетін аударымдардың бірдей мөлшерлемесі белгіленеді, соның есебінен денсаулық сақтауға жұмсалатын ақшалай қор қалыптасады. Мұндай жүйе халықтың барлық жіктері үшін медициналық және дәрі-дәрмектік көмектің тең көлемі мен сапасын қамтамасыз етеді. Бірақ, бұл нысан, оның барлық артықшылықтарына қарамастан, Қазақстанда іске асырылмайды.

Міндетті медициналық сақтандырудың құндылығы келісімшарт тәртібінің болуы, демек, келісімшарт орындалмаған кезде, сақтық қорғау мүмкіндігі, емделген ауру адамдардың санына қарай медициналық мекемелердің кепілденілген ақша алуы, медициналық жәрдем жақсы болса, бұл медициналық мекемеге аурулар көп келетіндіктен медициналық жәрдемнің сапасын арттыруға ұмтылуы және т.б. болып табылады. Дәрігерлер ауруды емдеуге ынталы болады; сөйтіп, медицинаға қалыпты рыноктық қатынастар енгізіледі.

Міндетті медициналық сақтандыру мынадай міндеттерді шешуге бағытталуы қажет:

Медициналық сақтандыруды дамыту, бұл жағдайда Денсаулық үшін жауапкершілік үш тарапқа бөлінеді: адам, жұмыс беруші және мемлекет;

Өмір сүру ұзақтығын және сапасын арттыруға бағытталған денсаулық сақтаудың әлеуметтік бағдарлануы;

Сапалы медициналық қызметтерді көрсету, оның түрлері мен көлемін оңтайландыру және қызмет көрсетуді стандарттау арқылы денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру;

Саламатты өмір салтын ынталандыруды қалыптастыру және адамның өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру;

Медициналық қызметтерді берушілердің арасында бәсекелестік ортаны қалыптастыру;

Ресурстарды тиімді басқару тетіктерін енгізу арқылы денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Ерікті медициналық сақтандыру міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне толықтыру болып табылады. Ол сақтық төлемақыларды, яғни медициналық қызмет көрсетуге жұмсалатын өтемді, жүзеге асыруды қарастыратын жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып келеді. Сақтық полисінің құны қызметтердің ассортиментіне, емдеуге жататын сырқаттардың түріне, сақтандырылған ауруға қызмет көрсетілетін емдеу мекемелеріне байланысты болады. Ерікті медициналық сақтандырудың негізгі құндылығы қазіргі құрал-жабдықпен жарақталған және жоғары сыныптық мамандары бар клиникаларда сапалы медициналық жәрдем алу мүмкіндігі болып табылады.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ең дұрысы міндетті және ерікті медициналық сақтандырудың үйлесімі болып табылады.

Мысалы, АҚШ-та «Медикор» жүйесі - егде адамдар үшін, «Медикэйд» жүйесі - кедейлер, жұмыссыздар мен мүгедектер үшін. Медициналық сақтық қорғаудың ұжымдық (сапалық), қоғамдық (мемлекеттік) және жеке (жекеше) жүйелері бар. Медициналық сақтандыру қорларына сақтық жарналарын төлеуде жұмыс берушілердің міндетті қатысуы заңнамада қарастырылған. Бүгінгі күні ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС) денсаулық сақтау саласы мемлекеттік қаржыландыруға негізделген елдерде де, сондай-ақ, әлеуметтік сақтандыру жүйесі жоғары деңгейде дамыған мемлекеттерде де кеңінен қолданылады. Медициналық сақтандырудың бұл нысаны ең жақсы дамыған мемлекет ретінде Америка Құрама Штаттарын

ONȚÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 16 беті

атауға болады. Ерікті медициналық сақтандыру АҚШ-та XX ғасырдың 30-шы жылдарынын бері дамып келеді. Бүгінгі күні АҚШ-та 1500-ден аса сақтандыру компаниясы жұмыс істейді және олардың қызмет көрсететін сақтанушыларының саны 165 млн. адам шамасында. ЕМС бұл елде денсаулық сақтауға жұмсалатын қаржының 30-35 %-ын құрайды. ЕМС-дың американдық нұсқасы халықтың төлем қабілеттілігінің жоғары деңгейін талап етеді. Сондықтан, жуық арада біздің экономикамызда ЕМС тек қана мемлекеттік қаржыландыру жүйесін толықтыратын, денсаулық сақтау саласының мүмкіндіктерін кеңейтетін қосымша қаржы көзі ретінде ғана қаралады. Көптеген еуропалық мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей ЕМС мемлекеттік сақтандырудың баламасы емес, оны толықтыратын, қосымша медициналық қызметтермен халықты қамтамасыз ететін жүйе ретінде қаралады. Мысалы, Израильде халықтың 95 %-ы міндетті медициналық сақтандырумен қамтылған. Оны 4 мемлекеттік сақтандыру қорлары жүзеге асырады. Ал 40-тан аса израильдық және 25-ке жуық шетелдік сақтандыру компаниялары елде ерікті медициналық сақтандыруды жүзеге асырады. Халықтың 15 %-ға жуығы ерікті медициналық сақтандырумен және 10%-ы стоматологиялық сақтандырумен қамтылған. Ерікті сақтандыру мемлекеттік сақтандыру қорларының базалық бағдарламасына кірмеген медициналық қызметтерді жүзеге асырады. Олардың ішінде шет елдерде жасалатын хирургиялық және трансплантологиялық операциялар, сондай-ақ, жеке меншік ауруханаларда көрсетілетін медициналық қызметтер, стоматологиялық көмек, қарт адамдарға көрсетілетін мейірбикелік күтім және басқа да медициналық қызмет түрлерін атауға болады.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет: 1 -ҚОСЫМШАҒА ҚАРАҢЫЗ.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. МӘМС туралы қабылданған заңы.
2. Сақтандыру шарттары мен кепілдемелері.
3. Сақтандырылатын азаматтар.

Қосымша №1

Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

Экономика здравоохранения : учебное пособие / под ред. М. Г. Колосницыной. - 2-е изд., перераб. и доп. ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 464 с.

Касимова, Б. Т. Денсаулық сақтау экономикасы : оқу құралы / Б. Т. Касимова, Қ. М. Сисенғалиева, Л. К. Магзумова. - Алматы : Эверо, 2016. - 260 бет. с.

Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері : оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет. с. -

Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.

Сыздыкова, К. Ш. Денсаулық сақтаудағы экономика мен маркетинг: дәрістік топтама / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Төлебаев, А. А. Маукенова. - Алматы : АҚНҰР, 2015. - 214 бет.

Токкулиева, Б. Б. Денсаулық сақтаудағы экономика және қаржыландыру негіздері : оқу құралы / Б. Б. Токкулиева. - ; ОҚМФА Әдіст. Кеңес мәжілісінде бекіт. және баспаға ұсынған. - Алматы : Эверо, 2014. - 208 бет. С

Қосымша әдебиеттер

Гриффин, Р. Менеджмент = Management : оқулық / Р. Гриффин ; Қаз.тіл.ауд. Г.А. Абдуллина [және т.б.]. - 12- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 768 б. с. : сур.-(Рухани жаңғыру).

ONȚUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»		58-12-2024 () 20 беттің 17 беті

Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. В. З. Кучеренко. - ; Рек. ГБОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.

Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 2 : учебник / М-во образования и науки ; под ред. В. З. Кучеренко. - ; Рек. ГБОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 160 с. : ил.

Электронды басылымдар

Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).

Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM) : ил. - (Электронный учебник).

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық /М.Ә. Бәлешов.- Алматы: Эверо, 2020. - 244 бет.
https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/

Развитие системы здравоохранения Казахстана на рубеже веков (исторический анализ). Баймагамбетов С.З., Альжанова Р.С.– Учебное пособие. – Алматы: Эверо, 2020. 120 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/68/

Қоғамдық денсаулықты сақтау : Оқу құралы. . - 2-ші басылым - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 184 б. Сарсенбаева, Г.Ж. /РМЭБ/<http://rmebrk.kz/book/1173749>

Денсаулық сақтау жүйесіндегі персоналды басқару: практикум (2-ші басылым). А.А. Маукенова, К.К. Джампеисова, Л.С. Нурпеисова. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. - 122 бет./ <https://aknurpress.kz/reader/web/1855>

Денсаулық сақтау жүйесіндегі персоналды басқару: оқу құралы (2-ші басылым). А.А. Маукенова, К.К. Джампеисова, Л.С. Нурпеисова. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. - 234 бет./ <https://aknurpress.kz/reader/web/1852>

Денсаулық сақтаудағы менеджмент: дәрістік топтама (2-ші басылым). Ж.С. Төлебаев, К.Ш. Сыздықова, А.А. Маукенова, Л.Т. Алшембаева /

– Алматы: ЖК «АҚНҰР баспасы», – 2019. – 258 бет./ <https://aknurpress.kz/reader/web/1367>

Сапаны басқару және менеджмент жүйелері: оқулық (2-ші басылым). Ф.Р. Ермаханова. - Қарағанды: ЖК «АҚНҰР баспасы», 2019. – 284 б. <https://aknurpress.kz/reader/web/1121>

Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг: дәрістік топтама (2-ші басылым). Ж.С. Төлебаев, К.Ш. Сыздықова, А.А. Маукенова. – Алматы: ЖК «АҚНҰР баспасы», - 2019. - 214 бет./ <https://aknurpress.kz/reader/web/1368>

Менеджмент в здравоохранении: учебное пособие (2-ое издание). К.Ш. Сыздықова, Ж.С. Тулебаев, А.Р. Рыскулова. – Алматы: ИП «АҚНҰР», 2019. - 236 с./ <https://aknurpress.kz/reader/web/1365>

Менеджмент качества : Практикум. Залучёнова, О.М.. - Алматы: Университет «Туран», 2018. - 96 с. - ISBN 978-601-214-375-1. <http://rmebrk.kz/book/1170570>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»	20 беттің 18 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»	20 беттің 19 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»	20 беттің 20 беті